(қысқаша)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

Ш Е Ш І М

2026 жылғы 6 ақпан № 4360-26-00-2/3202 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.А.Садуақасова,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Жанель» атынан әрекет етуші Ерлан Жексенович Айтмагамбетов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Жанель» атынан әрекет етуші Ерлан Жексенович Айтмагамбетов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Жанель» атынан әрекет етуші Ерлан Жексенович Айтмагамбетов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Жанель» атынан әрекет етуші Ерлан Жексенович Айтмагамбетов мемлекет пайдасына 2162 (екі мың бір жүз алпыс екі) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья К.А.Садуақасова

Құжатқа қол қойылған: Садуақасова К. А., 10.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2026, судья Елшібеков Б. Е., 31.03.2026

4360-26-3-1/6